

ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ҚАРАЛДЫ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ҒҰМЫРБАЯН ҒАЖАПТАРЫ

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ШӘМШІ ӘНДЕРІ ШАРЫҚТАДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Халқымыз «Тәрбие тал бесіктен басталады» деп бекер айтпаған. Ұрпақ тәрбиесінде ата-ана, мұғалім және мемлекеттік органдар бірге жұмыс істеуге тиіс. Себебі жауапкершілік бәріне ортақ. Хакім Абай да «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп айтқан.

№98
(4842)
Бейсенбі
21 тамыз
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЖАҢА БАСҚАРМА ҚҰРЫЛАДЫ

Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі жаңа қалалық басқарма құру туралы ұсыныс мақұлданды.

Тиісті ұсынысты Астана қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары Тимур Мусин жариялады. Оның айтуынша, жаңа басқарма Үкімет тапсырмасына сәйкес құрылады. Бұл ведомство балалардың құқықтарын қорғау мәселелеріне жүйелі түрде қарауға, осы саладағы жұмысты үйлестіруге және қосымша қолдау шараларын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС ҰСЫНАДЫ

Елордада жұмысшы мамандықтары жылы аясында 22 тамызда жастарға арналған еліміздегі ең ірі бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтеді, деп хабарлады Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты.





4

ОҚУШЫСЫ КӨБЕЙГЕН ЕЛОРДА

Биыл Астана қаласы мектептерінің 1-сыныбына 30 мыңнан аса оқушы барғалы отыр. Елордада үш ауысымды мектеп мәселесі түбегейлі шешілді. Алдағы 5 жылда қалада 300-ден аса жаңа білім беру нысандары салынатыны жоспарланып отыр. Бұл жөнінде Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек кеше өткен қалалық Тамыз конференциясында мәлім етті.

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІНЕ АРНАЛАДЫ

24 тамызда Триатлон-паркта астаналықтар мен елорда қонақтары үшін ALMATY RUN бұқаралық жүгіру өтеді.

Конституцияның 30 жылдығы мен «Таза Қазақстан» ұлттық экологиялық акциясына арналған жүгіру 5 және 10 шақырым бойынша ұйымдастырылады.

Жүгіруге тіркелу 24 тамызда сағат 7.00-ден 9.00-ге дейін жүргізіледі.



КЕЛЕСІ АЯЛДАМА – «БӘЙТЕРЕК»

Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында елордада салынып жатқан LRT станцияларының атаулары бекітілді.

Бүгінде құрылысы қарқынды жүріп жатқан жеңіл рельсті көліктің жүретін жолының ұзындығы 22,4 шақырымды қамтиды. Бұл жол Халықаралық әуежайдан басталып, «Нұрлы жол» теміржол вокзалына дейін жеткізетін болады. Жалпы, LRT жолында 18 станция орналасады.



ҚАЗАҚ ТІЛІН ТЕГІН ҮЙРЕТЕДІ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ тілін меңгеру бойынша тегін курс өткізеді.

Ересек адамдарға арналған тегін қазақ тілі курстары 2 қыркүйектен басталады.

Курс келесі мекенжайлар бойынша өтеді: Шұбар шағын ауданы, Балауса көшесі, 11, Жазушылар үйі; Бейбітшілік көшесі, 9, «Руханият» КММ; Ш.Құдайбердіұлы көшесі, 25/3 үй, №5 балалар кітапханасы және Астана қаласының ОЖК Орталық балалар-жасөспірімдер кітапханасы; Бөгенбай батыр даңғылы, 52. Орталық балалар-жасөспірімдер кітапханасы; Р.Қошқарбаев даңғылы, 50; Ш.Қосшығұлұлы көшесі, 8/2.

Өтініштерді қабылдау Бейбітшілік көшесі, 9, 209-кабинетте өтеді.

Байланыс телефоны:
8 7172 24 90 52,
8 747 248 82 20.

№98 (4842) 21/08/2025 Бейсенбі



БЮДЖЕТТІ ЖОСПАРЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖИЫН

Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен ұлттық экономика және бюджетті жоспарлау мәселелері жөніндегі жиын өтті.

Басқосуға Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов, Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайылов, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин және басқа да дауазымды тұлғалар қатысты.

Ұлттық экономиканың қазіргі жай-күйі мен даму перспективасы, сондай-ақ 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджеттің параметрлері туралы баяндамалар жасалды. Талқылау барысында Мемлекет басшысы республикалық және жергілікті деңгейде қаржыны тиімді жоспарлау мен бөлудің маңызы зор екенін атап өтті. Президент бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз етуге, барлық әлеуметтік міндеттемелер мен өңірлердің ұзақмерзімді жоспарларын қаржыландыруға, сонымен қатар қаражатты мақсатқа сай бөлуге және игеруге баса назар аудару қажет деп санайды.

ПРЕЗИДЕНТ ҚЫРҒЫЗСТАНҒА БАРАДЫ

22 тамыз күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Садыр Жапаровтың шақыруымен Қырғыз Республикасына ресми сапармен барады.

Бұл туралы Ақорданың телеграм-арнасы ақпарат таратты. Бішкекте мемлекеттер басшылары қазақ-қырғыз стратегиялық серіктестігі мен одақтастық қатынастарын одан әрі нығайту мақсатында келіссөз жүргізеді. Сондай-ақ президенттер Қазақстан мен Қырғызстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысады.

МОБИЛЬДІ АУДАРЫМДАР ТЕКСЕРІЛЕДІ

Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, үш ай ішінде бір адамның банк картасына әртүрлі адамдардан 100-ден артық аударым жасалып, жалпы сомасы ең төменгі жалақының 12 еселенген мөлшерінен асса, ол ресми табыс ретінде есептеледі.

«Қыркүйек айынан бастап мобильді аударымдар тексеріледі. Егер бір адам қызына, әкесіне, бауырына ақша аударса, ешқандай сұрақ болмайды. Тіпті бұл 1 млн, 2 млн теңге болса да, ешқандай мәселе жоқ. Тағы да қайталап айтамын, үш шарт бір уақытта орындалуы керек. Біріншіден – 100 түрлі адам. Егер екі адам бір-біріне аударым жасаса, тіпті 10 адам болса да, бұл критерийге жатпайды. Екіншіден, егер 100 адам қатарынан үш ай бойы бір адамға ақша аударса. Үшіншіден, бұл сома 1 млн теңгеден асуы керек» деп



түсіндірді Қаржы министрінің орынбасары Ержан Біржанов.

Мобильді аударымдардың кәсіпкерлік табысқа жататыны расталса, азаматқа ресми хабарлама жолданады. 30 жұмыс күн ішінде заң бұзушылықты түзету міндеттеледі. Талап орындалмаса, салық органдары тексеріске келеді.

ӘУЛИЕ ИШТВАН КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мажарстан Президенті Тамаш Шуйокке құттықтау жеделхатын жолдап, Әулие Иштван күнімен құттықтады.

Қазақстан Президенті жеделхатта екі ел арасындағы дәстүрлі достық пен бауырластыққа негізделген қарым-қатынастың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар бірлескен күш-жігер арқылы Қазақстан мен Мажарстан арасындағы стратегиялық серіктестік қос халықтың игілігі жолында өркендей беретініне сенім білдірді.

ЖАҢА ҒИМАРАТТЫ АРАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласындағы ҰҚК департаментінің жаңа ғимаратын аралап көрді.



Президентке жедел орталық, қызметкерлердің жұмыс кабинеттері және заманауи талаптарға сай жабдықталған қызметтік бөлмелер таныстырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев елорда тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті материалдық-техникалық базамен жарақтандырылған жаңа ғимараттың құрылыс жұмыстарына оң баға берді.

ЦИФРЛАНДЫРУ ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕНІ ШЕШТІ?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында теміржол саласын дамыту және цифрландыру мәселесі қаралды.

Жиында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев баяндама жасады. Өз кезегінде ол министрліктің бүгінде теміржол саласын цифрландырудың бес бағытын: Біріншісі – мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа көшіру; екіншісі – тасымалдардың ашықтығы мен тиімділігін арттыру үшін бизнес-процестерді реинжиниринг жасау; үшіншісі – инновациялық экожүйе құру және цифрлық технологияларды енгізу; төртіншісі – жолаушыларды OneWeb және Starlink спутниктік интернетімен қамтамасыз ету; бесіншісі – транзиттік тасымалдарды онлайн бақылау жүйесін енгізу жұмыстарын іске асырып жатқанын жеткізді.

«2024 жылы салада 5 мемлекеттік қызмет түрі қолжетімді болды. Олардың барлығы электронды форматта көрсетілді. Биыл аталған тізілім «Қауіпсіздік сертификатын беру» атты жаңа қызмет түрімен толықтырылды. Бір жыл ішінде 28 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның 99%-ы онлайн форматта ұсынылған. Министрлік салаға реинжиниринг жүргізді. Оның мақсаты – саланы цифрлық түрлендіру және тасымалдардың тиімділігін арттыру» деп түсіндірді министр.

Оның айтуынша, жүргізілген талдау жұмыстары нәтижесінде, магистралды теміржол желісі жүктемесінің ашық еместігін, тасымалдарды жоспарлау деректерін талдау қағаз жүзінде жасалып, операциялардағы бақылаудың жоқтығы, вагондардың уақытында келіп, уақтылы жөнелтілмеуіне әкеп соғатынын, жөнелту жолында вагондардың келуі мен кетуі қағазда тіркелетіні анықталды. Келу мен жөнелту процесі қағазда тіркеледі. Соның нәтижесінде – жиі тоқтап қалу мен кешігулер орын алған.

Министр аталған мәселелерді цифрлық технологияларды енгізу арқылы шешуге болатынын атап өтті. Атап айтқанда: магистралды желінің цифрлық қосарланған моделі; тасымалдарды жоспарлау үшін жасанды интеллект; вагон нөмірлерін бейне арқылы тану және «Вагон/жүк орнын анықтау» қызметі; келу/кету фактісін анықтау үшін GPS-трекерлерден деректерді автоматты түрде қабылдау жүйесіне жіберу; вагон нөмірін тіркеу арқылы тоқтау уақытын автоматты есептеу жүйелерін енгізу қажет.

«Аталған шешімдер қадам санын 45%, ал бизнес-рөлдерді 35% қысқартады. Басқару оңай әрі ашық болады. Astana Hub-та тасымал және инфрақұрылым саласындағы стартаптар дамып келеді. Олар жүктерді бақылау сервистерін, келісім-шарт жұмыстарын басқару жүйелерін, тасымалдарды автоматтандыру және вагон паркін басқару платформаларын жасауда. 2024 жылдың қорытындысы бойынша олардың табысы 4,5 млрд теңгеден асты, сондай-ақ 400-ден астам жұмыс орны құрылды» деп мәлімдеді ол.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР


Лос-Анджелестегі Калифорния университеті және Слоун-Кеттеринг мемориалды онкология орталығының ғалымдары ELI-002 деп аталатын әмбебап емдік вакцина жасады.

Инфекциялардың алдын алатын кәдімгі екпелерден айырмашылығы, ол иммундық жүйенің ісіктермен күресуіне көмектеседі және олардың қайталану қаупін азайтады. Сынақтардың бірінші кезеңіндегі деректер Nature Medicine журналында жарияланды. Бұл екпе әмбебап болып есептеледі, әр пациент үшін жеке емді қажет етпейді.



Қытай алдағы 10 жылда атом реакторларының санын екі есе арттырады.

Көрші ел атом энергетикасын дамытуға ерекше мән бере бастады. Мақсат – энергетикалық қауіпсіздікті түбегейлі шешу. Осы орайда жобаларды қаржыландыру көлемі де айтарлықтай ұлғайған. Құрылыс қарқынды жүріп жатқан аймақтың бірі – Шаньдун. Мұнда Хайян АЭС-і салынып жатыр. Қазір алты энергоблоктан тұратын нысанның үшіншісі мен төртіншісі тұрғызылуда.



Әлемде мұздықтардың қарқынды еруі жалғасып жатыр.

Италиядағы Вентина мұздығы соңғы он жылда 430 метрге шегінді.

Оның жартысына жуығы тек 2021 жылдан бері ерігені анықталды. Бұл туралы Ломбардияның геологиялық зерттеу қызметі хабарлады. Мұздықты барып бақылау тым қауіпті. Сондықтан зерттеу жұмыстары енді дрондар арқылы қашықтан жүргізіледі. Мамандар мұздықтың қарқынды шегінуін жаһандық жылынумен байланыстырады.

№98 (4842) 21/08/2025 Бейсенбі

ҮРКЕРДЕ ДЕПО АШЫЛДЫ



Астанада жаңа өрт сөндіру депосы ашылды. 36 мың тұрғыны бар, қарқынды дамып келе жатқан Үркер елді мекенінде орналасқан нысанның жабдықталуымен Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновпен бірге Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек танысты.

Бүгінге дейін ең жақын өрт сөндіру бөлімі аталған елді мекеннен 15 шақырым қашықтықта болған. Жаңа депо төтенше жағдай орындарына жылдам жетуге айтарлықтай мүмкіндік береді. Бұл депо заманауи қажетті техникамен қамтамасыз етілген. Атап айтқанда, автоцистерналар, жедел әрекет ету көлігі, басқа да қажетті құрал-жабдықтар алынған.

«Мұнда қолайлы жұмысқа толықтай жағдай жасалған. Алдағы уақытта азаматтық қорғау жүйесін одан әрі күшейте береміз. Өткен жылы 2 өрт сөндіру депосы ашылды, ал соңғы 2 жылда елордалық Төтенше жағдайлар департаменті автопаркі 40-тан астам техникамен толықты. Арасында заманауи ұшатын дрондар да бар. Қазіргі уақытта тағы үш өрт сөндіру бөлімінде күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр» дейді Жеңіс Қасымбек.

Оның айтуынша, бұған қоса, басым бағыттардың бірі – тұрғын үй мәселесін шешу. Өткен жылы азаматтық қорғау қызметкерлеріне 50 пәтер берілген болса, биыл тағы 15 пәтер беріледі. Бұл жұмыстың барлығы алдағы уақытта жалғасын табады.

LRT СТАНЦИЯЛАРЫ ҚАЛАЙ АТАЛАДЫ?

Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында LRT станцияларының атаулары бекітілді. Қала әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысқан жиынды елорда мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден жүргізді.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Станция атауларымен қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп таныстырды. Оның айтуынша, әуежайдан басталып, «Нұрлы жол» теміржол вокзалына дейін жалғасатын желі бойында барлығы 18 станция қызмет етеді. Осы станциялардың жобалық атауларын талқылау жыл басынан бері бірнеше рет өткізілді. Тиісті отырыстарға тарихшы және тілші ғалымдар, қоғам қайраткерлері, қалалық мәслихат пен қалалық Қоғамдық кеңес, уәкілетті органдар өкілдері қатысты.

«Станцияға атау бергенде ескеруге тиіс бірнеше принципті талқыға салдық. Бірінші – елімізге белгілі тарихи тұлғалардың есімін таңдау. Екінші – қалыптасқан дәстүрлі және тарихи-географиялық атауларға басымдық беру. Үшінші – станция маңында орналасқан маңызды нысандарға қатысты атауларды таңдау. Әлемдік тәжірибені де зерделедік. Жалпы әлемдік практикада метро және жер үсті көлік жүйелеріндегі станция атаулары сол маңайда орналасқан ерекше әрі маңызды нысандарға қатысты таңдап алынады. Сондықтан біз де мүмкіндігінше осы принципті басшылыққа алғанды жөн көрдік. Бұл жолаушылардың өзіне қажетті мекенжайды адаспай табуына мүмкіндік береді» деді Сәкен Есіркеп.

Биылғы 1 тамызда Астана қаласы ономастика комиссиясының кезекті отырысында станция атауларына қатысты төмендегі ортақ шешім жасалды:

№ 101 станция – «Әуежай». Станция елорда әуежайында орналасқандықтан халыққа түсінікті болу үшін «Әуежай» атауы таңдалды.

№ 102 станция – «Атамекен». Бұл – қазақ халқы үшін қастерлі ұғым. Туған жер, Отан деген сөздің баламасы. Станция төңірегінде ерекше нысан жоқ. Сондықтан әуежайдан ЛРТ-ға мінген жолаушы өз атамекеніне келгенін түсінсін деген мақсатта осы атау таңдалды.

№ 103 станция – «Есіл». Бұл маңайдан Есіл-Нұра арнасы өтеді. Атау станцияның Есіл ауданында орналасқанына қатысты да таңдап алынды.

№ 104 станция – Мәңгілік ел. Мәңгілік ел даңғылының басталатын тұсында орналасқан.

№ 105 станция – Астана жұлдызы. Бұл станция тұсында «Астана жұлдызы» деп аталатын стелла орналасқан.

№ 106 станция – Нұра. Бұл атау да Нұра-Есіл арнасына қатысты таңдап алынды. Станция Нұра ауданы мен Есіл ауданының шекарасында орналасқан.

№ 107 станция – Университет. Назарбаев Университеті бас қақпасының алдында орналасқан. 29/2 көше мен Қабанбай батыр даңғылының қиылысы, «Mega Silk Way» СОСО маңайында.

№ 108 станция – Ұлы Дала. Қабанбай батыр және Ұлы Дала даңғылдарының қиылысында орналасқан. Сондықтан Ұлы Дала атауы таңдалды.

№ 109 станция – Астана Арена. Бұл атау станция маңайында «Астана арена» стадионының орналасуына байланысты таңдап алынды.

№ 110 станция – Жекпе-жек сарайы. Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайының тұсында орналасқан.

№ 111 станция – Сығанақ. Қабанбай батыр даңғылы мен Сығанақ көшелерінің қиылысында орналасқан.

№ 112 станция – Бәйтерек. Сығанақ пен Түркістан көшелерінің қиылысында, яғни «Бәйтерек» монументіне жақын маңда орналасуына байланысты таңдалды.

№ 113 станция – Министрліктер үйі. Стратегиялық маңызды нысандардың бірі – Министрліктер үйінің маңайында орналасқан.

№ 114 станция – Ұлттық музей. Бұл атау да станция орналасқан маңайда ең жақын Ұлттық музейдің орналасуына байланысты таңдалды.

№ 115 станция – Театр. Бұл атау станцияға жақын маңайда Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының орналасқанына орай таңдап алынды.

№ 116 станция – Мыңжылдық аллеясы. Мыңжылдық аллеясы – Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрынан басталып, «Нұрлы жол» теміржол вокзалына дейінгі аралықты қамтитын саябақ. ЛРТ желісі осы аллеяға жақын болғандықтан, бір станция атауын «Мыңжылдық аллеясы» деп аталды.

№ 117 станция – Жібек жолы. Шығыс пен Батыс өркениеттерін байланыстырған Ұлы Жібек жолы арқылы ғылым, мәдениет, экономика қатынастары дамыған. Жібек жолы Қазақстан, тіпті әлем тарихында айрықша маңызды көлік желісі. Сондықтан осындай символдық тұрғыдан Жібек жолы атауы берілді.

№ 118 станция – Нұрлы жол. Бұл жеңіл рельсті көлік станциясының соңы, «Нұрлы жол» теміржол вокзалында орналасқан станция.

ЦАХАЛ әскері Газа тұрғындарын күштеп көшіруді бастады.

Мыңдаған адам солтүстіктен батыс пен оңтүстік аймақтарға қарай кетуге мәжбүр. Жаппай көші-қонға халық наразы. БҰҰ ұйымдары күштеп көшіру гуманитарлық дағдарысты күшейтіп, денсаулық сақтау жүйесінің толық күйреуіне әкелуі мүмкін екенін ескертеді. Ресми мәлімет бойынша, қазір екі миллионнан астам палестиндік газа секторы аумағының 10%-ына да жетпейтін жерде тығыз қоныстанған.



Токио қашықтан еңбек пен демалысты тиімді үйлестіретін ең үздік қала атанды.

Зерттеуді Швейцарияның International Workplace Group компаниясы жүргізген.

Жапония астанасы әлемде жоғары жылдамдықты интернеті, дамыған көлік жүйесі мен қауіпсіздікті сақтау деңгейінен көш бастап тұр. Сондай-ақ шаһар тауға, жағажайларға және ұлттық саябақтарға жақын орналасқан. Үздік ондықта Рио-де-Жанейро, Будапешт, Сеул, Барселона және Бейжің де бар.

Астана қаласы мәслихатындағы Amanat партиясы фракциясының отырысы өтті. Жиынға қала әкімінің орынбасары Есет Байкен, Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек қатысты.

ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ҚАРАЛДЫ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Отырыста «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының Жол картасын іске асыру мәселесі қаралды. Қала әкімінің орынбасары Есет Байкен осы бағыттағы жұмыстар жөнінде баяндама жасап, атқарылған істер мен алдағы жоспарлар туралы мәлімет берді.

Фракция мүшелері ұсынылған есепті талқылап, бірқатар нақты сұрақтар қойды. Атап айтқанда, қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Кендебай Адамбек балалардың оқудан тыс дамуына арналған ваучерлердің жағдайын сұрады.

«Профильді министрліктің шешімімен әр бала мектептен тыс 1 мәдени ұйымға және 1 спорттық мекемеге қатысуға құқылы. Бұрын осы мәселені Білім басқармасы, Спорт басқармасы және Мәдениет басқармасы іске асырған. Енді арнаулы екі мекеме құрылды. Бұрын бұл мәселеде кемшіліктер, қаржы жымқыру фактілері анықталған. Сондықтан министрлік «Қазақтелекомға» отандық бірыңғай платформа жасауға тапсырыс берді. Енді балалардың сабақтан тыс спорт және мәдени үйірмелерге қатысуға Білім басқармасы ғана жауап береді. Бұл басқарма «Қосымша.кз» платформасын іске қосты. Нәтижесінде ашықтыққа қол жеткізілді. Қаржы үнемделіп, бюджетке қосымша салмақ түспейді деп күтілуде» деді депутат.

Оның әріптесі Бауыржан Смайылов партияның сайлауалды бағдарламасының 58-тармағына сәйкес Көктал-1 тұрғын алабында инженерлік инфрақұрылым (жолдар, кәріз және су бұру жүйесі) салу жоспарланғанын, бүгінгі таңда жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жүргізілуде екенін, осы кезең аяқталғаннан кейін жоба мәслихаттың қарауына енгізілетінін жеткізді. Депутат Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкенге осы тармақты іске асыру мерзімдерін жеке бақылауға алу және құрылыс жұмыстарының басталуын жеделдетуге жәрдемдесу туралы өтініш айтты.

Мұхаммед Болысбектің айтуынша, бағдарламаның әрбір тармағының уақытылы әрі сапалы орындалуы тұрақты бақылауда болады.

СУДАН ТАРЫҚТЫРМАЙТЫН НЫСАН

Астана қаласы мәслихатының депутаттары елорда үшін стратегиялық маңызды жоба Қ.Сәтбаев атындағы арнадан Астанаға дейінгі су құбыры туралы мәлімет алып, №4 сорғы-сүзгі станциясының құрылысымен танысты.



Қалалық мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабденнің мәліметінше, Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған аталмыш жобаны іске асыру мерзімі 2025-2028 жылдарға жоспарланған. Ол елорданың сумен жабдықтау жүйесін күшейтіп, қала қажеттілігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

№4 сорғы-сүзгі станциясының құаты – тәулігіне 210 мың текше метр. Су құбырының ұзындығы 203 шақырымнан асады. Құрылыс мердігері – China Gezhouba Group Co. LTD. Қазір станция алаңында қазаншұңқыр қазу, геодезиялық және геологиялық зерттеулер жүргізілуде. Тапсырыс беруші – «Elorda Aqua» ШЖҚ МКК, қаржыландыру мемлекеттік кепілдікпен тартылған қарыз есебінен іске асырылуда.

«ТОҚТА, ВАНДАЛ!» ШАРАСЫ ӨТТІ

Астананың Сарыарқа ауданында қала мүлкінің бүлінуіне жол бермеуге және қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытталған «Тоқта, вандал!» акциясы ұйымдастырылды.

«Заң және тәртіп» қағидаты аясында жүзеге асқан іс-шараға жақында ғана Қытайдың Чэнду қаласында өткен төрт жылдықтың басты додасы - XII Дүниежүзілік ойындарда джиу-джитсудан күміс жүлдегер атанған Нұрсұлтан Дүйсенқұлов, қалалық Полиция департаменті, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы, мәслихат өкілдері, ерікті жастар қатысты.

Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының ішкі саясат бөлімінің басшысы Дамир Хисматуллиннің айтуынша, осы ауданда «Тоқта, вандал!» шарасы үшінші мәрте ұйымдастырылды. Аталмыш іс-шара бұл әкімдіктің апталық жоспарына кіргендіктен, тұрақты өткізіледі.

Іс-шара барысында қатысушылар Кенесары ескерткішінің жанында қала тұрғындарына арнайы қағаз таратып, үгіт-насихат жұмысын жүргізді.

№98 (4842) 21/08/2025 Бейсенбі



ОҚУШЫСЫ КӨБЕЙГЕН ЕЛОРДА

Көші-қон үдерісінің қарқынды жүруі және туу көрсеткішінің тұрақты өсуіне байланысты елордадағы балалар саны жыл сайын артып келеді. Қалада жылына 30 мыңнан астам сәби дүниеге келсе, қосымша 4 мың бала қоныс аударады. Бүгінде Астанадағы 923, соның ішінде 265 мемлекеттік, 648 жекеменшік білім беру ұйымында 400 мыңнан астам бала мен жас өрен тәрбиеленіп, білім алуда. Ел ертеңі – білімді де саналы ұрпақты тәрбиелеу жолындағы маңызды қадамдар мен жетістіктер жарияланып, алдағы жоспар анықталатын қалалық Тамыз кеңесінің пленарлық бөлімі биыл да дәстүрлі түрде өткізілді.

Райхан РАХМЕТОВА

Елордада өткен Ұстаздардың тамыз кеңесіне Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев және қаланың білім беру саласының қызметкерлері мен ардагерлері, Мәжіліс және мәслихат депутаттары, құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

– Елордамызда бала саны жылдан жылға артуда. Былтыр мектепті 14 мың бала бітірген болса, биыл 1-сыныпқа 30 мыңнан астам бала барады. Бұл – Астанада жыл сайын 10-15 мектеп салу керек деген сөз. Соңғы үш жылда 46 мектеп және 2 Оқушылар сарайы салынды, биыл 14 жаңа мектеп, жергілікті бюджет күшімен 4 балабақша, 1 Оқушылар сарайы пайдалануға берілуде. Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында қалада 23 мектеп салынып, іске қосылды. Бұл үш ауысымды мектеп мәселесін шешуге септік етті. Мәселен, 2-3 жыл бұрын елордада 8 үш ауысымды мектеп болса, биылдан бастап сол олқылық жойылды. Алдағы 5 жылда қалада 300-ден астам жаңа білім беру нысаны бой көтермек, – деді қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

Одан әрі сөз алған Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыевтың айтуынша, қазір Астанадағы мектепке дейінгі білім беру жүйесінде 66 281 бала тәрбиеленуде. Қалада барлығы 653 балабақша жұмыс істейді, онда 5 мыңнан астам жоғары білікті педагог қызмет атқарады. Осы ретте басқарма басшысы қалада ваучерлік қаржыландыру жүйесін енгізудің арқасында алғаш рет 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту көрсеткіші 100%-ға жеткенін айтты. Ендігі басты міндеттердің бірі – 2 жастағы балаларға арналған бөбекжай топтарын ашу. Бұл бағытта, әсіресе жекеменшік балабақшалардың әлеуеті мен кадрлық мүмкіндігі жеткілікті екен.

– Мектепке дейінгі ұйымдардағы сапалы жұмыс ата-аналармен тығыз серіктестік пен тұрақты ынтымақтастықты талап етеді. Осы бағытта балабақшалар жанынан ашылған 106 консультациялық пункттің жұмысын атап өтуге болады. Аталған орталықтарда балабақшаға балалары бармайтын бес мыңнан астам ата-анаға кәсіби кеңес пен қолдау көрсетілді. «Тілге бойлау» қанатқақты жобасы 20 балабақшада іске асырылуда, жаңа оқу жылынан бастап бұл жоба барлық балабақшалар мен мектепалды даярлық сыныптарына енгізіледі. Мектепке дейінгі білім берудің тағы бір басым бағыты – психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. Осы жылы 23 балабақшада инклюзияны қолдау кабинеттері ашылды, 150-ден астам бала арнайы көмек алуда. Жаңа оқу жылында инклюзивті қолдау кабинеттерінің желісін кеңейту бойынша жұмыстар жалғасын табады, – деді Қ.Сенғазыев.

Бүгінде елордада 310 мыңнан астам бала 203 мектепте, яғни 122 мемлекеттік, 74 жекеменшік және 7 республикалық мектепте білім алуда. Соңғы үш жылда қалада ең өзекті мәселелердің бірі – оқушы орындарының жетіспеушілігін шешуде айтарлықтай ілгерілеушілікке қол жеткізілгенін басқарма басшысы да айтып өтті. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда. 2025 жылы екі ауысымдағы 43 744 орындық 14 мектеп (11 мектеп және 3 қосалқы ғимарат) пайдалануға беріледі. Оның ішінде 8 мектеп жаңа оқу жылына, 6 мектеп жыл соңына дейін ашылады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 22 мектепті жаңарту көзделген, биылдың өзінде 6 мектеп толықтай жаңғыртылды. Қала мектептерінің барлығы пәндік кабинеттермен, қауіпсіздік жүйелерімен толық жабдықталған. Қазіргі таңда қосымша 2000 бейнекамера орнатылуда.

Басқарма басшысы дарынды балалармен жұмыстың да елордада жүйелі жолға қойылғанын атап өтті. Қазақстандағы олимпиадалық мектептердің үздік жүздігі ұлттық рейтингінде Астананың 13 мектебі ең мықтылар қатарынан көрінген. Биыл елордалық оқушылар халықаралық және республикалық додаларда 500 медаль жеңіп алған. Ол сонымен қатар инклюзивті білім беру бүгінде барлық деңгейде жүйелі түрде іске асырылып жатқанын жеткізді.





Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы айқындап берген негізгі бағыттардың бірі – «Адал азамат» тұжырымдамасы. Бұл тұжырымдамада ізгілікті білім берудің ұлттық коды қамтылған. «Адал азамат – біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруға кіріспес бұрын Астана қалалық Білім басқармасы бастапқы кезеңде барлық білім беру ұйымдарында ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізген. Себебі тәрбие жұмысына ерекше көңіл бөлу, біртұтас тәрбие жұмысын қалыптастыру – биылғы оқу жылындағы негізгі бағыттардың бірі.

– Елордада тәрбие жұмысы бірыңғай күнтізбелер мен мониторингке сүйене отырып, мектеп, отбасы және қоғамды қамтитын жобалар арқылы жүйелі жүргізілуде. Мектеп парламенттері оқушылардың өзін-өзі басқаруының белсенді орталықтарына айналды. Театр қойылымдары арқылы маңызды тақырыптар талқыланып, тәрбие процесінің тиімділігі артуда. Қазіргі таңда басты назарда тұрған жайттардың бірі – мұғалімнің рөлін қоғамда дұрыс қалыптастыру. Мұғалім тек сабақ беруші емес, тұлға қалыптастыратын тәлімгер әрі көшбасшы болуы тиіс. Тәрбие – білім берудің ажырамас бөлігі, әрбір педагогтың сөзі мен іс-әрекеті балаларға үлгі, – деді басқарма басшысы.

Жиында елорда колледждерін заманауи білім беру инфрақұрылымына айналдыру мақсатында кезең-кезеңмен бейіндеу жұмыстары да баяндалды. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде түлектердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етудің негізгі тетігі – дуалды оқыту. Қазіргі таңда 21 колледжде 65 мамандық бойынша 369 кәсіпорынның қатысуымен дуалды оқыту жүзеге асырылуда. Түлектерді жұмыспен қамту мақсатында елордалық колледждерде қала кәсіпорындарының сұранысына сәйкес мақсатты кадр даярлау жүргізілуде және шефтік қолдау ұйымдастырылған. Жұмысшы мамандықтар жылы аясында бес мемлекеттік колледжді халықаралық аккредитациядан өткізу жоспарланды. Сонымен қатар студенттер желілік технологиялар мен киберқауіпсіздік бойынша Certiport жүйесі арқылы халықаралық сертификаттарын иеленуде.

Қ.Сенғазыев жаңа оқу жылы қарсаңында елордадағы білім беру жүйесінің алдында тұрған ауқымды міндеттерді де атап өтті.

– Біріншіден, елорданың білім беру ұйымдарында Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, барлық бағытта пилоттық білім беру жобалары енгізіледі. Екіншіден, оқу процесіне жасанды интеллект технологияларын белсенді енгізе отырып, барлық мектептерде Codi Play платформасы қолданылады. Бұл бағытта Білім басқармасының бюджетінде қаржыландыру тетіктері қоса қарастырылады. Үшіншіден, барлық деңгейдегі ұйымдарда, соның ішінде жекеменшік мектептерде «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы жалғастырылып, буллингтің алдын алу шаралары айрықша назарға алынады. Төртіншіден, алдағы екі жыл ішінде мектептерді жан-жақты жаңғырту, ескі жиһаз бен жабдықтарды толық ауыстыру жұмыстары толық аяқталады. Бесіншіден, мектептердің әкімшілігіне KPI нәтижелері бойынша қосымша ақы төлеу тетіктері қарастырылады, – деді ол.


Алдағы жаңа оқу жылындағы жаңа міндеттер мен бағыттар айқындалған жиын соңында қала әкімі елорданың білім беру жүйесінің дамуына оң баға беріп, барлық деңгейде жаңа нысандар пайдалануға беріліп жатқанын, білім беру сапасы артқанын және бұл жұмыстар одан әрі жалғаса беретінін алға тартты. Конференцияда Астананың білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген ұстаздары мен қызметкерлері «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісімен, Оқу-ағарту министрінің Алғыс хатымен марапатталды. Солардың бірі аталған төс белгіні алған, қаладағы №33 мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Фарида Торғаева 37 жылдан бері ұстаздық етіп келеді.

– Биыл қалада жаңадан ашылған оқу орнында «Келешек мектептері» жобасы бойынша жұмысты бастадық. Астанада 2017 жылдан бері еңбек етемін. Өзімнің «Абай шығармаларының функционалдық қызметі» тақырыбында авторлық үздік бағдарламам бар. Сол бойынша оқушылармен жұмыс жүргізіп, балаларға Абай шығармаларымен етене, тереңдете таныстырамын. Мемлекет деңгейінде педагогтер мәртебесі жылдан жылға артып келеді, жалақысы көтерілді. Қазіргі мұғалімдерде еркіндік бар, олар барлық артық жауапкершіліктен босатылды, қағазбастылық жойылды. Балаға таза білім беруге үлкен мүмкіндіктер жасалып отыр. Білім беру саласында осындай жағдай жасалған кезеңде тек маңдай теріңді төгіп жұмыс істеу ғана керек, – дейді ол.

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ғимаратында өткен конференция аясында «Білім берудегі цифрлық серпіліс: адалдық, кәсібилік, инновация» тақырыбында көрме де ұйымдастырылды. Онда білім беру саласындағы жаңа технологиялар, түрлі ресурстар, электрондық зертханалар, ұстаздардың әдістемелік құралдары, оқушылардың жаңа жобалары ұсынылды. Жиынға барлығы 1500 адам, онлайн түрде 20 мың педагог қатысуға мүмкіндік алды. Іс-шара өнерпаз педагогтер мен оқушылардың мерекелік концертіне ұласты.


Сұлтан СЕЙІТ

22 тамыз – көрнекті қайраткер Дінмұхамед Қонаевтың дүниеден озған күні. Соған орай белгілі қонаевтанушы-жазушының жазбасын ұсынып отырмыз.



ҒҰМЫРБАЯН ҒАЖАПТАРЫ

БЕЙТАНЫСТЫҢ БАТАСЫ

Алматыдағы 14 мектепте жетінші класта оқып жүргенде, Димаш өзен жағасында талмасы ұстап, ес-түссіз жатқан біреуді көріп, дереу орнынан тұрғызып, оны сүйемелдеп жақын жердегі ауруханаға әкеледі. Әлгі адам оның аты-жөнін сұрап, бәрін біліп алады. Ертеңінде есін толық жиған соң мектепке келіп, Қонаев деген оқушыны сұрайды. Директор оны кабинетіне шақырады. Димаш кіріп келгенде оншақты мұғалімнің ортасында тұрған талма ауру кісі мына бала болмағанда, кеше мен о дүниеге аттанып кетер едім. Өмірімді сақтап қалған жасөспірімге ризамын. Міне, сондықтан оның өзіне және оқушыны тәрбиелеген сіздерге алғыс айтуға келдім. Оқушы балам Қонаев сені қашанда Құдай қолдап, Тәңір жебеп жүрсін деп, ол батасын береді. Әлгі кісі азамат соғысына қатысқан ардагер екенін айтып, тағы тілек тілеп, Димашты құшақтап, маңдайынан сүйеді. Тарихта талма ауруы бар белгілі адамдардың тегін болмағаны айтылады. Димашқа тегін адам бата бермеген ғой. Димашқа алдымен үзілер шағында атасы, содан соң бір апатты жағдайда әжесі, соңында бейтаныс адамның бата беруі – оның өміріндегі ерекше құбылыс.

ДІНМҰХАМЕД ДЕГЕН АТТЫҢ ҚАСИЕТІ

Димекеңнің әкесі Меңліахмет те тегін адам болмаған. Оң жақ самайында қалың мең болған. Осы Алла тағала нышаны меңге байланысты атын Меңліахмет қойған. Димекең Риддерде бастық болып жүргенде шұбырған текті есімді орыстар айта алмай, Димаш Ахметович деп атап кетеді. Меңліахмет бір жылы ежелгі ата-жұрты Күрті өңірі, Құйған жақтағы туыстарына бір шаруамен келеді. Бала Димашты қасынан тастамайтын дағдысы бойынша оны да бірге алып жүреді. Қысты күні болса керек бала ойламаған жерден ауырып қалады. Ол кезде ауылда ем-дом жасайтын молдалар ғой. Әкесі өң-түсі бұзылып кеткен, бір тылсым күш қысқан ұлын ауыл молдасына әкеледі. Молда оның есімін білген соң, бұл балада тән ауруы жоқ, жан күйзелісі бар. Дінмұхамед деген қасиетті атты көтере алмай тұр деп дем салып, Мұхаммед пайғамбардың атын атап, Құранның бір ұзақ сүресін оқиды. Жарты күн баланы жібермей, рухани сауықтырады. Ертеңінде бала құлан-таза жазылады. Бұл кісі Жалайыр еліне белгілі молда емші еді. Ұрпақтары Балқаш ауданында тұрады.

АЙТЖАННЫҢ АҚЫЛ-КЕҢЕСІ

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары алпауыт Ысқақ байдың қол астында істеген Меңліахметке де тықыр таянады. Амал жоқ Алматыдан кетіп, Түрген жаққа қоныс аударады. Бақытына қарай қызы Әмина революционер Айтжан Түркебаевқа тұрмысқа шыққандықтан аман қалады. Айтекең балдызы Димашты өте жақсы көреді. Саяжайына жиі шақырып, жаңа өкімет түбінде толық күш алады. Сондықтан көп ойланбай сен комсомолға өт деп кеңес береді. Димаш комсомолға өтеді, соңғы кластарда оқып жүргенде. Өзінен кейін Димашты оқуға баулыған, Мәскеуге оқуға жолдама әперген осы бір аяулы азамат еді. Сүйікті әпкесінің жары Айтжанды Димаш ерекше құрметтеді. Димекең жайындағы сурет-альбомда Меңліахметтің отбасымен түскен суреті бар. Айтжан Түркебаевтың саяжайында түсірілген суретте 15-16 жастағы бозбала Димашты көреміз.

АХАҢНЫҢ ДӘРІСІ

Атақты Ахмет Байтұрсыновтың кезінде қазіргі Абай атындағы педагогикалық университетте дәріс оқығаны белгілі. Ұлы ұстаздың дәрісін тыңдау үшін білуге құштар басқа оқу орындарынан да жастар келіп, ол кісінің айтқандарын жаттайды екен. Солардың бірі бір оқу орнында даярлық курсында оқитын шәкірт Димаш Қонаев еді. Мұны Димекең зейнетте жүргенде нағашылары болып келетін белгілі ғалым Бахтияр Смановтың үйінде қонақта отырғанда ерекше еске алып, ағынан жарылып айтады. Димекең Аханның төте жазу әліппесі бойынша араб әрпінде оқи да, жаза да білетін еді.

ТЫНЫШБАЕВТЫҢ ТӘЛІМІ

Алматы қаласындағы 14 мектептің оқушысы Димаш астанадағы жиын, мәслихаттарда, түрлі кездесу, концерттерде белгілі тұлғаларды жиі көріп, оларға сәлемдесетіні оның өзіне тән ерекше бір жақсы қасиеті еді. Қай класта оқып жүргені белгісіз, ерлер гимназиясына бір шаруалармен келген атақты инженер Мұхамеджан Тынышбаевпен кездейсоқ кездесіп сәлем береді. Кейін ұлы Ескендірмен бозбала кезінде қимас дос болады. Міне, сондықтан оның бала кезіндегі арманы Тынышбаев сияқты атақты инженер болу еді. Соңында Мәскеуде оқып, тау-кен инженері атанып, Қоңырат, Риддерде инженерліктен сатылап өсіп, уақыт өте қазақтың бағына туған кемеңгер атанды. Оның бала кезіндегі ұлы арманын Алла тағала құп көріп, мақсаты орындалды.

> Студент Димаш Мәскеуде оқып жүргенде, Сталиннің ұлттар жөніндегі орынбасары Тұрар Рысқұлов болатын. Қазақстандағы аштық жөнінде Сталинге хат жазып, соңы өзінің жұмыстан кетуіне әкеледі. Алматыдағы Жастар театрында сексенінші жылдары Шерхан Мұртазаның «Сталинге хат» атты пьесасы бойынша спектакль қойылып, халық көңілінен шықты. Мәскеуде Рысқұловтың студент Қонаевты қорғауы – тарихи оқиға

ҚАЖЫМҰҚАННЫҢ КҮРЕСІН КӨРУІ

Мектепте оқып жүргенде, Димаш спортты өте жақсы көреді. Күрес секциясына қатысады. Өйткені өзі палуан денелі бозбаланы дене тәрбиесі пәні мұғалімі осы спортқа икемдейді. Басында жарыстарға қатысып жүреді. Кейін бала өзі бұдан бас тартады. Әкесі алысып-жұлысатын палуандық өнерді ұнатпаса керек. Димекең естелігінде күш атасы әлемге әйгілі палуан Қажымұқанның күресін көріп, одан алған әсерін журналист-жазушылардан артық жазып, еске алады. Кейін Қажымұқанның ізбасары Жақсылық Үшкемпіров олимпиада чемпионы болғанда, алдымен күш атасын айтып құттықтайды.

ТРОЦКИЙДІҢ АЛМАТЫҒА КЕЛУІ

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының соңында Сталинмен сыйыса алмаған, Ленинмен бақталас болған Троцкий жер аударылып Алматыға келеді. Оқушы кезінде осы коммунистер көсемінің бірін бозбала Димаш та көреді. Алатауға ғашық бала Медеу жақта қыдырып, жеміс-жидек теріп, қайтып келе жатқанда тарантаспен саяжайына қарай бара жатқан, көзілдірікті кісіге сәлем беріп, дәл жанынан өтеді. Мектепте жүргенде, қабырғада ілулі тұратын оның суреті көз алдына келіп, Троцкийді содан таниды. Ол оқушы сәлеміне риза болып, болар болмас тіл қатып, қол бұлғап қоштасады. Димаштың мұсылмандық дәстүр бойынша таныса да, танымаса да жасы үлкен кісілерге сәлем беруі бойында о бастан бар еді.

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ШАРАПАТЫ

Студент Димаш Мәскеуде оқып жүргенде, Сталиннің ұлттар жөніндегі орынбасары Тұрар Рысқұлов болатын. Қазақстандағы аштық жөнінде Сталинге хат жазып, соңы өзінің жұмыстан кетуіне әкеледі. Алматыдағы Жастар театрында сексенінші жылдары Шерхан Мұртазаның «Сталинге хат» атты пьесасы бойынша спектакль қойылып, халық көңілінен шықты. Мәскеуде Рысқұловтың студент Қонаевты қорғауы – тарихи оқиға. Елдегі бай-бағландарға өш, көпес саудагерлеге қас, қызғаншақ, күншілдер Қонаев алпауыт Ысқақ байдың туысы, оның саудасын жүргізетін Меңліахметтің баласы, ұлты қазақ емес басқа, сондықтан оның Мәскеуде оқуға құқы жоқ деп арыз жазады. Шаш ал десе, бас алатын белсенділердің бұйрығы бойынша Димаш оқудан шығарылады. Жазықсыз текке оқудан шыққаны жанына батып, Тұрардың қабылдауына жазылады. Тұрар студентті қабылдап, өмірбаянымен толық танысып, ата-бабалары Жетісу өңірінің қазағы екеніне әбден көзі жетеді. Сөйтіп, Лениннің досы болған сол кездегі Ағарту комиссары Луначарскийге телефон соғып, Димашты қайта оқуға алдырады. Димекең Рысқұловтың бұл жақсылығын өле-өлгенше ұмытпады. Рысқұловты ақтау жөнінде тиісті адамдарға нұсқау беріп, арнайы кітап жаздырды. Алматыдағы ең ұзын көшелердің біріне оның атын бергізіп, аруағын аунатты. Алматыда тұратын жесіріне үй әперді. Тіпті, Мәскеудегі қызына дейін қол ұшын беріп, көмектесті. Алматыдағы ең ұзын әрі кең көше Рысқұлов даңғылы батыстан шығысқа қарай көсіліп жатыр.

ҚҰПИЯ ХАТ

Мәскеуде оқып жүргенде, каникул кезінде пойызбен елге жол тартады. Көрші вагонда саяси тұтқындарды күзетпен сақшылар алып келе жатады. Олардың ішінде Алашорда көсемдерінің бірі, қазақ жері үшін Лениннің өзімен тәжікелесетін атақты Әлімхан Ермеков те бар еді. Димаш екі вагонның түйіскен жерінде сыртқа қарап тұрғанда, тұтқындардың бірі оның бетіне бір қарап, қалтасына конверт қағазды сұңғітіп жібереді. Ымдап бір нәрсе дегендей болады. Димаш оның тегін адам емес екенін біледі. Өз вагонына келіп конвертті ашса, Ермековтің әйеліне жазған хаты екен. Онда мен этаппен айдалып кетіп барамын деп баратын жер мен түрменің атын айтады. Әлекең бейтаныс хат алушыға әйелінің Алматыдағы мекенжайын толық жазып, осыны жеткіз бауырым деп өзінің Әлімхан Ермеков екенін айтып, аманат қылған. Димаш Алматыға келген соң, хатты көрсетілген мекенжай бойынша иесіне тапсырады. Студент оқып жүргенде математика оқулығының авторы Ермековтің есімі мен еңбегін жақсы білген ғой. Арада пәлен жыл өтіп, Ермеков ақталып, Алматыға келеді. Ол кезде Совмин төрағасы Қонаевқа баспана және жұмыс мәселесімен кіреді. Димекең құшақ жайып қарсы алады. Алматыда емес, сіздің Қарағандыда тұрғаныңыз жақсы. Өйткені мұнда сіздің дұшпандарыңыз көп. Олар сізге жұмыс істеткізбейді, шетқақпай боласыз деп ақыл-кеңесін береді. Сөз арасында Димекең пойызда кетіп бара жатқанда, үйіңізге жазған хатты маған бергенсіз, мен оны жеңгейге тапсырып, алғыс алғанмын дегенде Әлекең орнынан тұрып, Димашты құшақтап, Құдай тағала маған қайырымды, жүрегінде иман, ақылында алғырлық бар өзіңді текке кездестірмеген екен деп, ертеңінде Қарағандыға жол тартады.

Ораз ҚАУҒАБАЙ,
жазушы-қонаевтанушы

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

БОНИ ЭМ-ДІ ҚОСЫҢДАР...

Тойдың бірінші дастарқанына бата беріліп, едәуір қызған тойшыл халық серпілу үшін орнынан көтерілді. Ақырындап елдің алды би алаңына қайта оралып жатты. Музыка ұрып тұр. Бір кезде иегінде шоқша сақалы бар, еңселі келген, ұқыпты киінген, не кәрі шал да емес, не жас та емес бір кісі қазақтың «қызыл өрігін» қомсынды ма, дауыстап «Бони Эм-ді қосыңдар» деді.

Айгүл УАЙС

Жастықтың соңы, кәріліктің басы ма, кім білсін, атамыз бір серпілгісі келді. Музыканың құлағын ұстап отырған бала қарсы келген жоқ. Қазіргі жетпіске жетіп қалғандардың құлағына таныс ырғақ кең сарайды алып кетті. Әлгі кісі де екі бүктетіліп, екі аяғын ұшын айқастырып, бота тірсегін дірілтетіп биге басты.

